

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті
2023-2024 оқу жылындағы
Стратегиялық даму және сапа комитеті мәжілісінің
№3 хаттамасы

Түркістан қаласы

24 маусым 2024 жыл

Сағат 15:00

Қатысқандар: 9

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Даму бағдарламасының оқу жылы бойынша орындалуы туралы;
2. Ішкі рейтинг нәтижелері туралы;
3. Сапа бойынша мақсаттарының орындалуының жылдық есебі туралы;
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева университеттің Стратегиялық даму жоспары басты жоспар, басты құжат екендінігін айта отырып оның орындалуының маңыздылығы университет қызметкерлерінің барлығы үшін ортақ екендігін баса айтты. Сондай-ақ, комитет төрайымы ағымдағы оқу жылы университетіміздің жаңа Даму бағдарламасы 24 ақпан 2024ж. күнгі №76 Өкілетті кеңестің отырысында талқыланып, бекітілгенін, осы жаңа стратегия бойынша да біртіндеп жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып өтті. Әрі қарай 2023-2024 оқу жылы бойынша Стратегиялық даму жоспарының орындалуы жөнінде Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырыкбаева мәліметті кесте түрінде (Қосымша 1) таныстыра отырып баяндады. 2023-2024 оқу жылында Стратегиялық даму жоспарының орындалу көрсеткіштері жалпы 102 индикатор бойынша 86-сы орындалып, 84,3 %-ды құрады. Ал, бағыттар бойынша орындалу деңгейіне қарай, 1-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 15 (88,2 %), орындалмағаны 2 (11,7 %); 2-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 17 (80,9 %), орындалмағаны 4 (19,05 %); 3-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 7 (87,5 %), орындалмағаны 1 (12,5 %); 4-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 22 (87,0 %), орындалмағаны 3 (13,0 %). 5-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 10 (99,9 %), орындалмағаны 1 (9,1 %); 6-шы стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 14 (82,4 %), орындалмағаны 7 (17,6 %); 7-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 3 (60 %), орындалмағаны 2 (40 %); С.Қырыкбаева Стратегиялық даму жоспары орындалуы үшін ұжым болып жұмыла жұмыс жасау керектігін айтып, сөзін қорытындылады.

Шешім:

Стратегиялық даму жоспарының 2023-2024 оқу жылы бойынша есебі назарға алынсын.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева ішкі кәсіби рейтинг нәтижелері туралы жалпылама кесте түрінде презентация жасап (Қосымша 2) айтып өтті. Университетіміздің ішкі кәсіби рейтингінде оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің еңбектері 3 бағыт бойынша ескеріледі: Ғылым, Академиялық және Әлеуметтік-мәдени бағыт. Ғылым бағытының меншікті үлесі жалпы ұпай санының 50 %-ын құрайды, академиялық бағыттың меншікті үлесі жалпы ұпай санының 35 %-ын, ал әлеуметтік-мәдени бағыттың үлесі 15 %-ды құрайды. Бүкіл рейтинг процесі график бойынша жүргізіліп отырды. Биылғы оқу жылы рейтинг ережесіне өзгерістер енгізілген жоқ, ереже көрсеткіштері бойынша ip.auu.edu.kz ақпараттық базасы 20.04.2024ж. іске қосылды. 20.04.2024-20.05.2024 аралығында оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлер еңбектерін ip.auu.kz порталына ендіргенін, сала бойынша вице-ректорларының өкімімен бекітілген растаушы тұлғалар ендірілген мәліметтерді 21.05.2024-06.06.2024 аралығында тексеріп шыққанын айтып өтті. Сонымен қатар, 03.06-10.06.2024 күндер аралығында оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлерге қате салынған еңбек көрсеткіштерін сәйкес ұяшықтарға жүктеуге, дәлелді құжаттарын толықтырып салуға мүмкіндік берілгенін, ол мәліметтер растаушылар тарапынан қайта тексеріліп, расталғанын айтты. 01.06 - 05.06.2024ж. күндері аралығында ОПК өтініш, шағымдары, ұсыныстары қабылданып, барлық процесс ереженің аясында жүргізілгенін атап өтті. Жиырма бірінші маусым күні рейтингтік комиссия отырысы өткізіліп, ОПК тарапынан жүз елу екі өтініш келіп түскенін, өтініштер бес бөлімге бөлініп қарастырылғанын: 1. IP ақпараттық базасына құжаттарды мүлдем салмаған ОПК, FҚ өтініштері, 2. IP ақпараттық базасына құжаттарды толық салмаған ОПК, FҚ өтініштері, 3. IP ақпараттық базасына әртүрлі мәселелер бойынша өтініштер, 4. Ережеде жоқ көрсеткіштер бойынша өтініштер, 5. Өтініш беру мерзімінен кеш келген өтініштер, комиссия барлық жұмыстарды қорытындылағанын айтты. Ендігі кезекте күзде ынталандыруға ұсыныс жолдау кезінде түзетулер жасалуы мүмкін, яғни, жаз айларында алғашқы орындардан көрінген ТОП-100/150 оқытушы тарапынан порталға ендірілген мәліметтердің дұрыстығын тағы да бір тексеруден өткіземіз, оқытушыларымыздың порталға жүктеген құжаттарының растығына анықтау процестері аяқталғаннан кейін ынталандыру марапатына ұсынамыз. Егер ендірілген құжаттар ережеге сәйкес болмаса, мәліметтерді қолдан жасау немесе жалған ақпараттармен ұпай алуға тырысқандар анықталған жағдайда, олар рейтинг комиссиясына ұсынылатын болады.

Рейтинг нәтижесі бойынша әр оқытушы үшін ортақ ұпай 212,60, ғылым бағыты бойынша порталға жүктелген еңбектердің үлесі – 76,8%, академиялық бағыт – 21%, әлеуметтік-мәдени, тәрбие бағыты – 2,2%. Факультеттер, кафедралар, FЗИ-ның қай орында екендігі, ұпайлары, алғашқы TOP-100 ОПК тізімін презентация түрінде көрсетіп, атап өтті. Барлық рейтинг нәтижелері бойынша «өте жоғары» немесе «өте төмен» деген категориялар анықталды. «Өте төмен» жинаған ОПК шара қолдануға немесе комиссияға, «өте жоғары» ұпай жинаған ОПК ынталандыруға, марапатқа ұсынылады. Ал, «ортаңғы деңгей» жақсарту жұмыстарына, жетілдіру үшін тағы басқа ақпараттық

жұмыстар үшін қолдануға болады. Және де рейтинг комиссиясының шешімдерімен таныстырып, хаттамасы ip.ayu.edu.kz порталына орналастырылғанын, хаттамада қай нәрсені жақсартуымыз керек, ынталандыру қалай болады, келесі оқу жылы бағдарламаны өзгертіп жаңарту, ip.ayu.edu.kz базасы 2024-2025 оқу жылы қыркүйек айынан бастап маусым айына дейін ашық болып, апелляциялық кезеңді алып тастау, ғылымға, хирша индексіне назар аудару керектігі, рейтинг ережесін қайта қарау бойынша жұмыс тобын құру туралы шешімдер қабылданғанын айтып өтті.

Шешім:

2. 2023-2024 оқу жылындағы ішкі рейтинг нәтижелері туралы мәлімет назарға алынсын.

3. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырыкбаева 2023-2024 оқу жылындағы сапа мақсаттарының орындалуы бойынша таныстырып өтті. Ол ұсынылып отырған (Қосымша 3) университеттің сапа бойынша мақсаттары Стратегиялық даму жоспарымен үндесетіндігін, Стратегиялық даму жоспары көрсеткіштері орындалса, сапа бойынша мақсаттарының орындалғанын білдіретінін айтты. Комитет мүшелері ұсынылып отырған сапа бойынша мақсаттары есебінің жобасымен таныс екендігін айта келе, бірауыздан Сенатта бекітуді қолдайтындықтарын білдірді.

Шешім:

3. Университеттің 2023-2024 оқу жылының сапа бойынша мақсаттарының есебі бекітуге Сенатқа ұсынылсын.

4. Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселе бойынша Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева «Стратегиялық даму және сапа комитеті» құрамына өзгерістер енгізілгенін айтып өтті. Комитет құрамындағы факультет декандары мен кафедра меңгерушілерінің орнына «Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету комиссияларының төрағаларынан тұратын комитет мүшелерінің жаңа құрамын (Қосымша 4) бекітуді ұсынды.

Шешім:

4. «Стратегиялық даму және сапа комитеті» құрамына өзгерістер енгізілсін.

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы



А.Ошибаева

Хатшы



Ж.Сейткулова